



Ақмешіт

10 тамыз
сейсенбі
№63 (1765)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

Әр халықты өркениеттің шыңына шығаруда қоғамдық сана ғана емес, жеке тұлғаның ақыл-танымы да орасан маңызға ие. Тіпті бүкіләлемдік ұстаным мен ұғымды қалыптастырып, өз ақылын ғалам ойына айналдырған данышпандар да ұлт пен жеке адамды бөле жаруға болмайтынын дәлелдеді. Мәселен, Қазақстан десе, Күлтегін, Қорқыт, Әл-Фараби секілді ғұламалар айтылатыны секілді, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин есімі қазақ ұғымымен біте қайнасып жатыр. Сондықтан әрбір тұлғаның таным көкжиегін терең зерделеу – ұлтты тануға тура жол.



АБАЙ ӘЛЕМІ

Бүгінде Абай шығармашылығы мен жеке өмірін зерттеу ерекшелігі осы ұстанымға саяды. Саналы ғұмырында бар қазақтың көзін ашып, көкірегін оятуға талпынған хакімнің болмысын тану қаншалықты маңызды, бағалы болмағы ел келешегіне тікелей тәуелді. Ұзақ жыл солақай саясаттың салдарынан ақын шығармашылығының нақты бедері көмескіленіп, айтар ой толық ешкелмей келді. Алайда тәуелсіздік жылдары хакімнің ой-таразысын бағамдау ісі ілгері басып, көптеген құнды дүние жарық көрді. Абайтанудың қарыштап дамуына ғалым, әдебиетшілердің іргелі еңбектерімен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы да жаңа серпін сыйлағаны анық. Оған қоса Абай ілімінің қазақ санасындағы өткені мен бүгінгі топшылау, ақын шығармашылығын насихаттау мақсатында 10 тамыз – Абай күні деп белгіленді. Міне, бүгінге деп келген датаның мән-маңызын айшықтау үшін ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына аз-кем шолу жасап көрелік.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ



Әлемді алаңдатқан дертті ауыздықтау қиын болып тұр. Тіпті халық арасында коронавирус инфекциясы туралы түрлі қауесеттер көбейіп кетті. Осы орайда халыққа нақты ақпарат беру үшін облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымоваға көп көкейіндегі сауалдарды қойған едік.



2 БЕТТЕ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: БІР БАЛАҒА ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛАДЫ?



«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші биылғы сабақ жоспарының жай-жапсары мүлде басқаша бағытта. Осы орайда жаңа оқу жылы қарсаңында мектепке дайындық барысын сараптап көрдік. Мәселенің мән-жайын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

3 БЕТТЕ




СПОРТ

Әне-міне дегенше төрткүл дүние көз тіккен Токио-2020 олимпиадасы да өз мәресіне жетті. Мен деген спортшыларын жарыс жолына аттандырған мемлекет өз бабы мен бағына орай лайық деп танылған медальдарын қанжығалап қайтты. Бұл жарыста отандық спортшыларымыз да нәтижесіз қалмады. Қазақ спортшылары жалпы саны 8 қола медаль иеленді. Жалпы олимпиада қалай өтті?



ТОКИОДАҒЫ ТАРТЫСТЫ КҮНДЕР ТӘМАМ



Иә, биылғы жазғы олимпиада ойындарында жеңіске жету ұлттық құрама үшін есте оңай болған жоқ. Алғашқы күннен-ақ жарыс жолынан шығып қалғандар, көп үміт артқан спортшыларымыздың жеңілген сәттері болды. Алайда осынау байрақты бәсекеде топ жарып, шаршы алаңда шын шебердің кім екенін дәлелдегендер де жоқ емес. Биылғы олимпиада ойындарында спортшыларымыз алтын мен күмісті ала алмаса да, соған пара-пар қоланы еншілегендер болды.

3 БЕТТЕ

КӨП КӨКЕЙІНДЕГІ САУАЛ

ЖОЛҒА ҚАРАЙ МА, АҚША САНАЙ МА?



Қоғамдық көліктің жыры біткен бе? Бұл мәселе күн тәртібінен еш түскен емес. Себебі қарапайым халықтың айтар уәжі мен шағымы көп. Топырлаған адамды мінгізіп, жылдамдықты асырып бір-бірімен жарысатынын қайтерсің. Тіпті кондуктордың дәрежелігі бір бөлек.



3 БЕТТЕ

САУАЛНАМА



ӘКІМДЕР НЕ ДЕЙДІ?

Күнтізбе парағының жартысынан көбін қайырдық. Яғни бір жылдың тең жартысынан асқанымызға да айдан асыпты. Әрбір адам әр күніне есеп береді деп есептесек, «Бір ауылдың жүгін арқалаған ауыл әкімдері жарты жылда не бітірді?» деген сұраққа жауап іздеу заңдылық. Осы орайда қалаға қарасты кент және ауылдық округ әкімдері арасында сауалнама жүргіздік.

1. Жарты жылдың жетістігі қандай?
2. Алты айда шешімін таппаған мәселе?
3. Ауылдағы кәсіптің қарқыны?

2 БЕТТЕ

